

БАЛАБАҚШАҒА ТІРКЕЛУ

«Аққу» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бөбекжай балабақшасына баланы алып келу үшін ата аналар алдымен «Smartnation» немесе «EGOV» порталына тіркеліп кезекке тұрады және орын босағанда жолдама алады. Жолдама алған соң баланың медициналық «Денсаулық паспортын» басқа негізгі құжаттармен балабақшаға алып келеді. Құжаттары дұрыс болса бала балабақшаға қабылданады.

Баланы балабақшаға алып келген кезде ауыстыратын киім, аяқ киім, ұйықтарда киетін киімдерін қоса алып келеді. Бала балабақшаға үйрену үшін, баланы алғашқы үш күн түсте алып кетеді одан кейін бала толық күнге қалады.